

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 19.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4

Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 19.06.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типопр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryszhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 19.06.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ALIASKAR A.	Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance	7
АМИРОВА Г.О., БОРАНБАЕВ С.Р.	«Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер	16
ӘДІЛОВ М.Е.	Қазақ тіліндегі кейбір ақша атауларының түп-төркіні мен бастапқы мағынасы	25
KURMANBEKOVA Z.R., ONER M.	Linguistic features of communication and texting in social networks	37
МАМЫРБЕК Г., МАЛБАҚОВ М., СЕЙІТБЕКОВА А.	В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері	49
НҮРДӘУЛЕТОВА Б.И.	Маңғыстау топоаралындағы діни топонимдер	59
YANG. L., SHARIPOVA G.S., OMIRBEKOVA Zh.K.	Recreation of ethnocultural vocabulary in S. Maugham's work «The moon and sixpence»	69




ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБИЛДАЕВА А.Д., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Бинарлық оппозицияның актанттық көрінісі	80
АЛИМБАЕВ А.Е. ОСЕРОВ Б.М.	Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы	90
ДОСМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., БЕЙСЕНОВА Ж.С.	Описательные стратегии в травелогах Ади Шарипова	98
ЖАЛЕЛОВ Д.С., ӘЛТАЙ А.Д.	Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мән	109
КАЗНҰТАУ В.К., ОРАЗБЕК М.С.	Oxymoronic interpretation of the postcolonial personality	119
KENZHEKOZHAYEVA A., МАМБЕТОВ ЗН.О.	The image of kozhanasyr in folklore of world literature	127
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., БҮРКІТБАЕВА А.С.	Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі образ табиғаты	135

ПІРӘЛІ Г.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.	Нәзипа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің Абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі.....	148
ТУЛЕБАЕВА Қ.Т.	Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін тезаурустық талдау	160
ТУЛЕУОВА Р.Г., САРБАСОВ С.Б.	«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипаты	169
ТУСИПОВА Г.Б. ДӘУРЕНБЕКОВА Л.Н. СОЛТАНАЕВА Е.М.	Тұрағұл Абайұлының көркем аудармадағы ұстанымы	181

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

ДОСАНОВА А.М., ЖҰМАТАЕВА З.Н., АШИРХАНОВА Қ.М.	Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту	191
ИБРАЙМОВА Л.А., РЫСҚҰЛБЕК Д.Ж., ЕРТАЕВА П.Қ.	Бала тілінің лексикалық нормадан ауытқу динамикасын зерттеу: әлеуметтік лингвистикалық талдау	202
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., ХАЛИКОВА Н.С.	Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде.....	211

Г.Б. ТУСИПОВА¹ 
Л.Н. ДӘУРЕНБЕКОВА² 
*Е.М. СОЛТАНАЕВА³ 

Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Астана,
Қазақстан

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(e-mail: gulshat.bakytjan@gmail.com¹, daurenbekova.laura@mail.ru², gulkataem@gmail.com³)

*ТҰРАҒҰЛ АБАЙҰЛЫНЫҢ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ҰСТАНЫМЫ

Аңдатпа. Алаш қайраткерлерінің бірі, ақын ғана емес, көрнекті аудармашы ретінде де танылған – Тұрағұл Абайұлы. Тұрағұл Абайұлының шығармашылық мұрасының бірегей бөлігі көркем аудармалары болатын. Мақалада алаш қайраткері Т. Абайұлының шығармашылық болмысына, көркем аудармадағы ұстанымына, стильдік ерекшеліктеріне назар аударылады.

Дж. Лондонның «Эскимос Киш», А.М. Горькийдің «Челкаш», А.С. Неверовтың «Мария – большевик», «Мен өмірге жерікпін» аудармаларын қарастыра отырып, мазмұндық мәні аударма трансформациялары негізінде талданады. Кез келген аударманың ұстанымдары мен қағидаларын анықтау барысында оның уақыты, сол уақыттағы аудармаға қойылатын талаптар назарға алынуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда аудармашы жұмысының психологиялық, әдеби, тілдік, әлеуметтік сынды бірнеше қырларын ескере отырып, Т. Абайұлының аудармалары өз заманына сай жасалынғаны анықталып, салыстыру, салғастыру әдістерін кеңінен қолдану арқылы типологиялық заңдылықтары айқындалады. Қарастырылып отырған аудармалардың оқырманға берер танымдық, тағылымдық жағына да назар аударылып, аудармашының ұлттық мүдде тұрғысынан ойлауы, бейнелеу даралығы көрсетіледі.

Түпнұсқа мен аударма мәтінді бір-бірімен салыстырмалы түрде талдаудың нәтижесінде, XX ғасыр басындағы көркем аудармалар сөзбе-сөз, жолма-жол тәржімалаудан гөрі шығармашылық еркіндікке көбірек ден қойғаны сараланады.

Түйін сөздер: Тұрағұл Абайұлы, алаш, көркем аударма, аударма трансформациялары, әңгіме, құндылықтар.

Кіріспе. Тұрағұл Абайұлы – Абайдың Әйгерімнен туған тұңғыш ұлы. Әкесі Абай туралы мәліметтер жазып, мұрасын жинастырып, жазушы М. Әуезовке Абайдың образын ашуда көмек көрсеткен деуге болады. Жасынан ауыл молдасынан мұсылманша оқып, сауатын ашқан Тұрағұл зерек, білімді болып өседі. Өмірінің негізгі кезеңінде алаш қайраткерлерімен бірге елдің саяси мәселесіне араласып, алаш партиясының Семей облыстық комитетінің мүшесі болып бекітіледі. Бұл жөнінде Абайтанушы Қ. Мұхаммедханұлының еңбегінде: «1917 жылы Алаш партиясы құрылғанда Шаһкәрім, Тұрағұл, Көкбайлар бастаған Абай шәкірттері түгелдей Алаш партиясын қолдайды» [1, 12] – деп келтірілген.

*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР19679312 «Алаш қайраткерлерінің аударма еңбектеріндегі адамзатқа ортақ құндылықтар» ғылыми жобасы аясында жазылды.

«Алаш» партиясының Семейде уақытша областной комитеті ашылды. Комитетке кірген кісілер (жалпы саны 15). Ішінде Тұрағұл Құнанбаев бар. «Алаш» партиясының шарты. «Алаш» партиясының программасын жақтырып, жөн көрген, программадағы мәселелерді іске айналдыруға тырысатын кісі кіреді. Өтірік айтпайтын, шыннан қайтпайтын, жақындық туысқандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура кісі кіреді. «Алаш» партиясына кіремін деген кісі осы айтылған шарттарды ойлап, толғап, жүрегі қалайтын болса ғана кіруге жөн» [2, 34] – деп партия шартын жариялаған. Демек, Тұрағұл Абайұлының «Алаш» партиясына мүшелікке кіруінен, аталған шарттарға сай шыншыл азамат болғандығын байқаймыз. «Ол Әлихан Бөкейханов, Халел Ғаббасовтармен бірге Семей облысының уездері мен ауылдарында аталмыш партияның бастауыш ұйымдарын құрысуға, сондай-ақ облыстық және жалпы қазақ съездері жұмыстарына, ел өміріндегі тағы басқадай қоғамдық-саяси істерге қызу атсалысады» [3]. Бұдан байқайтынымыз, Тұрағұл Абайұлының алаш зиялыларымен тығыз қарым-қатынаста болғандығы.

Орыс тілін меңгеріп, ойын орыс тілінде еркін жеткізетін Тұрағұл Абайұлы алаш қайраткері, ақын ғана емес, көрнекті аудармашы ретінде де танылған. Ол Джек Лондонның «Эскимос Киш», А. М. Горькийдің «Челкаш», А. С. Неверовтың «Мария – большевик», «Мен өмірге жерікпін», Б. Прустың «Антек» шығармасын, Д. Лондонның «Мартин Иден» романын қазақ тіліне аударған. Аталған мақалада Т. Абайұлының бірқатар аудармаларын орыс тіліндегі нұсқамен салыстыра қарастырып, ерекшеліктеріне тоқталмақпыз.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Бұған дейін Тұрағұл Абайұлының көркем аудармалары арнайы әдебиеттанушы, аударматанушылардың арнайы зерттеу объектісіне айналмағанымен, бірқатар ғылыми мақалалардың бой көрсеткені рас. Мәселен, Абайтанушы Қ. Мұхаммедханов Абайдың әдеби мұрасын жинаудағы Тұрағұлдың еңбегін айта отырып, оның ақындық, алаш партиясының мүшесі ретінде атқарған жұмысына, жалпы өмір жолына тоқталады. Алаштанушы, ғалым О. Жұбаева, Т. Абайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған мақаласында: «Аударма ісімен маманданбаса да, Тұрағұл дарыны, еңбекқорлығы нәтижесінде классикалық аударма үлгісін жасаған. Алайда, Кеңес үкіметі шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік бермей, 1927 жылы қайта тұтқындайды. 1928 жылдың 19 қарашасында жазықсыз кәмпескеге ілініп, отбасымен Шымкентке жер аударылады» [4] – деп өмір тарихына назар аудартады. Профессор Б. Ердембеков «Абайтану» еңбегінде Абайдың ақын шәкірттерінің ішінде «Шәкәрімнен кейін аударманы жетік меңгерген Тұрағұл» [5, 87] – деп көрсетеді де, тәржімелерінің ерекшеліктерін атап өтеді. Осы мақаланың авторларының бірі аударматанушы Г. Түсіпова «Ағылшын тілді жазушылар әңгімелерін қазақ тіліне аударудың ұстанымдары мен тәжірибесі» [6, 98] атты кандидаттық диссертациясында Т. Абайұлының орыс тілі арқылы Дж. Лондоннан аударған «Эскимос Киш» әңгімесінің аудармасын ағылшын, орыс, қазақ үш тілдегі аударма мәтіндерін салыстырып, аударма стратегияларын айқындаған.

Аталған мақалада Тұрағұл Абайұлы туралы зерттеулерге назар аудара отырып, бұған дейін жан-жақты қарастырылып, талданбаған аудармаларға назар аударылады. Түпнұсқа мен аударма мәтінді салыстыру барысында компаративистік салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Сондай-ақ, аудармадағы трансформациялық тәсілдер негізге алынды.

Талқылау мен бақылау. 1891 жылы Максим Горький Нижний Новгородтың Николаев қаласының ауруханасына түседі. Палатадағы көршісі жазушыға өз тарихын айтып береді. Көршінің әңгімесі «Челкаш» туындысының жазылуына түрткі болып, шығарма екі күнде жазылады. Жазушының алғашқы туындысы «Русское богатство» журналында В. Г. Короленконың көмегімен басылып шыққан екен.

«1894 жылы жазылған М. Горькийдің «Челкашын» аударып, 1925 жылы шыққан «Таң» журналының 3,4-сандарында бастырды. Тұрағұл «Челкашты» сөзбе-сөз аударған және тілі ауыр орыс жазушысының ойын дәлме-дәл жеткізе білген» [5, 63].

Өткен ғасырдың 90-жылдарында Украинадағы Қара теңіздің солтүстік-батыс жағалауындағы Одесса теңіз порты – жүк айналымы бойынша халықаралық маңызы бар ең үлкен порт болды. Сондықтан да, Одесса жұмыс іздеп жүрген шаруалар үшін үлкен порт қаласы аталды. Одесса портының, теңіз суретін, ондағы адамдардың іс-әрекетін М. Горькийдің «Челкаш» әңгімесінен көреміз. «Челкаш» әңгімесі контрабандымен айналысатын, жұмыссыз, маскүнем, ұры Челкаштың төңірегінде өрбиді. Әңгімеде екі басты кейіпкер бар. Оқиға таңертеңгі жұмыс уақытында портты сипаттаудан басталады. Түскі астың уақытында пристань ішіндегі жүк тасушылардың арасына Челкаш келіп, серіктесі Мишканы іздейді. Жоспар бойынша «түнгі жұмысқа» шығу. Мишканың аяғы сынып, ауруханаға түскенін естіп, бір жағына шығысатын адамның жоқтығына қамығып отырғанда, көзі жол жағасында орындыққа арқасын сүйеп отырған жас балаға түседі. «Шұбар шымт көйлегі бар, шалбары жыртық, аяғында шабата, жыртық күрек қалпағы бар. Жанында кішкене шоңке мен орағы жатыр» [7, 47] – деп, автор кейіпкердің сыртқы бейнесін сипаттау арқылы оның нашар тұрмысын аңғартады. Жалпы шығармада автор детальді портретті жиі қолданады. Сюжетті дамыту кезінде кейіпкерлердің сыртқы кейпімен, іс-әрекеттерін ұштастырып, мәтін мазмұнын ұғындыра түседі.

Әңгімеде адам бостандығы, еркіндігімен қатар, әр адам әртүрлі түсінетін өмірдің мәні көрінеді. Гаврила үшін дүние, ақша қымбат. «Қалқам, берші маған, ана ақшаңды! Құдай үшін берші! Ол саған не керек? Бір-ақ түнің гой...бір-ақ түн...Саған оның қызығы не? Әлі саған қымбат па? Бір-ақ түн байисың. Жақсылық қыл! Сен өшкен адам...сенде тілеу жоқ...мен болсам...Әй, бер маған!» [7, 52] – деп жалына бастайды. Ақшаны тартып алып, Челкашты өлтіріп, теңізге тастауды да ойлайды. Бір сәтте ұяты оянып, басы қан болып жатқан Челкашты орнынан тұрғызып, кешірім сұрайды. Оның беріп тұрған ақшасынан да бас тартады. « – Кеш! Сонда аламын..» [7, 65] – деп Челкаштың аяғына жығылады. Челкаш оған ызаланса да кешірім беріп, ақшаны табыстайды да әңгіме екеуінің екі жаққа кетуімен аяқталады.

Челкаш барлық ақшаны қалтасынан алып, Гавриланьң алдына тастайды. Оның ісіне жиіркенді. «Мен бар дүниеден, туған-туысқаннан айырылған, сандалған ұры болсам да мына сықылды есі шыққан қайыршы, жалмауыз болмаспын, мұншалықты құлдыққа бармаспын деп өзінің ерлігін, нарлығын дәлелдеді» [7, 67]. Екі кейіпкердің ұстанымдары әртүрлі болғандықтан, екі жаққа айрылысып кетеді.

Шығармада бір сәттегі кейіпкерлер арасындағы тартысты табиғатпен астастыра: «теңіз күр-күр етіп, толқын күшейіп, ашулы түрге түсіп, құтырып кетіпті» деп берілген. Найзағай, дауыл, теңіз бәрі де шығарма атмосферасымен үндестіріле суреттелінеді.

Жазушы ұры, қаңғыбас екі кейіпкердің ой-өрісінің екі түрлі екендігі теңіз кеңістігінде ашып береді. Біреуі материалдық тұрғыдан біреуге тәуелді болудан да бас тартпайтынын, екіншісі еркіндікті аңсайтынын теңіз пейзажы арқылы шебер бейнелейді.

«На море в нем всегда поднималось широкое, теплое чувство, — охватывая всю его душу, оно немного очищало ее от житейской скверны. По ночам над морем плавно носится мягкий шум его сонного дыхания, этот необъятный звук вливает в душу человека спокойствие и, ласково укрощая ее злые порывы, родит в ней могучие мечты...» [8, 21] – деп, автор Челкаштың жанын теңіз толқынымен сабақтастырып, кеңістікте оның нені қалайтынын сезіндіреді. Теңіз оны зұлымдықтан, айналадағы қатыгездіктен тазартады. Теңізде ғана өзін еркін сезінеді.

«Теңізге жүзгенде көңіліне жұмсақ, жылы сезім келіп, көңілі ашылып, дүниенің қара пиғылынан сейілетұғын. Теңіздің ұйқыдағы дыбысы жұмсақ қалқып жүзеді. Сол күшті леп адамның жанына ұласып, жүректегі жаман құлықты жоғалтып, оның орнына күшті қиял туғызады» [7,67]. Т. Абайұлы кейіпкердің мінезінен хабар беретін теңіз табиғатын түпнұсқадағыдай әсерлі берген. Бір ғана тіркесіне назар аударсақ: «...от житейской скверны» дегенді халықтың тілімен «дүниенің қара пиғылынан» деп аударып, Челкаштың жан тазалығын бере білген. Ал, теңізді ұнатпайтын, оған үрке қарайтын Гаврилді теңіз жатсынып тұрғандай суреттелінеді.

«Каждый удар волны в его бока родил в нем глухое, гулкое эхо, похожее на тяжелый вздох. Справа над водой тянулась сырая каменная стена мола, как холодная, тяжелая змея. Сзади виднелись тоже какие-то черные остовы, а спереди, в отверстие между стеной и бортом этого гроба, видно было море, молчаливое, пустынное, с черными над ним тучами. Они медленно двигались, огромные, тяжелые, источая из тьмы ужас и готовые раздавить человека тяжестью своей» [8, 25] – кейіпкердің ішкі қорқынышын, арпалысын теңіз шуымен ұштастырады. Бұл суреттеуді Т. Абайұлы сөзбе-сөз қазақтың бейнелі сөздерімен еркін аударған:

«Толқын соққан сайын қарсы шыққан жаңғырығы ауыр күрсінгенге ұқсайды. Оң жағындағы суды жарып салған тас қабырға сұп-суық жылан секілді. Артында үлкен қара нәрсеңің тұлғасы көрінеді. Алдында әлгі үлкен табыт пен тас қабырғаның арасынан бұлттың көлеңкесі басқан теңіздің суы қап-қара болып көтеріліп, ақырын сырғып, адамның зәресін алып, салмағымен жаншығалы тұрғандай» [7,68]. Аудармашы теңіздің эмоционалдық-экспрессивтік реңкін психологиялық қақтығыстармен дәл берген.

«Пейзаж кейіпкердің эмоциясын, көңіл-күйін, болып жатқан әрекет-жағдаяттың болмысын ашуда қолданылады» [9, 98] – деген теорияға сүйенсек, аудармашы шығарма идеясын автормен тең бірлікте беріп, кейіпкерлердің дүниетанымын ашып береді. Шығарма нақты теңіз кеңістігінде екі кейіпкердің мінезін, болмысын ашуда теңіз суреті сәтті қолданылған.

«Джек Лондонның «The story of Keesh» – «Эскимосик Киш» әңгімесі эскимос халқының ұлттық аңызының желісімен жазылып, автордың «Солтүстік әңгімелері» циклына кірген. Әңгіме орыс тіліне 1910 жылдан бастап аударылған. 1910-1916 жылдар аралығында Мәскеуде Джек Лондонның 22 томдық толық шығармалар жинағының 14-ші томында Н. Кудрявцеваның «История Киша» атты аудармасымен жарық көрген» т.б. Тұрағұл Абайұлы бұл әңгімені «Эскимос Киш деген бала» деп аударған. Аударманы төте жазудан кирилицаға түсірген абайтанушы Қ.Мұхамедханұлы. Кітап Мәскеуде 1928 жылы Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасынан жарыққа шыққан.

«Джек Лондон бірқатар әңгімелерінде этникалық текетірес тақырыбын көтереді, оларда зайырлы өркениеттік өмірді байырғы үндістер мен эскимостардың өмір салты мен моралына қарсы қояды. Аляскада алғашқы алтын өндірушілер пайда болғанға дейін көп уақыт бұрын өмір сүрген үнділер мен эскимос тайпалары ақ адамдарды кездестірмеген, сәйкесінше XIX ғасырдың екінші жартысында олар әлі де өздерінің бастапқы өмір салтын сақтап қалды» [10, 96]. Аталған шығармада автор эскимостардың тіршілігін, өмір салтын көрсетеді. Әңгімеде басты кейіпкер Эскимостың батылдығы, аң аулаудағы тапқырлығы, әкесінің ерлігі сипатталған. Орыс тіліндегі нұсқаға қарағанда Т. Абайұлының аудармасы көлемдірек шыққан. Себебі, Т. Абайұлы сол кездегі қазақ халқының ұғымына сай тәржімелеген. Бірден орыс тіліндегідей «Поляр теңізінің жағасында Киш деген адам тұрған» деп бастамай, алдымен әңгіме алдына беташар сөз жазған.

«Бұл кітапшаны оқушы алаштың баласы, жалпы алаш баласына Эскимос деген елдің жайы мәлім емес шығар, қысқаша сезім бергенім артық болмас деп, мына төмендегі сөзді жаздым...» [7, 68] – деп, күн мен түннің алмасуы, жердің күнді айналатынын, жердің домалақ екендігін тәптіштеп түсіндіреді. «Жердің дәл жуан ортасы күннің дәл астына келеді. Ол жерде күн адамның тас төбесінде болып көрінеді. Ол жердің аты – экватор атанады. Сол экватордан жердің екі жақ тұмсығына қарай салқын тарта береді. Бұл екі тұмсықты полюс деп атап, бірін сол жақтағы, бірін оң жақтағы полюс дейді. Дәл экваторға, құрғақ жерден Африка деген жердің тұмсығы ғана ілініп, басқа жолының бәрі теңіздің үстімен кетеді» дейді де, «біз жердің түстік жағындамыз» деп түйіндейді. Байқап отырғанымыздай, тәржімеден аударма теориясындағы түсіндірме әдісін байқаймыз. «Түсіндірмелі тәсіл мәтін ішінде көрсетіледі. Түпнұсқадағы ақпараттарды тереңірек түсіндіре отырып, беру оқырманға шығарма мазмұнын түсінуіне мүмкіндік береді, бұл тәсіл қазақ ағартушыларының аудармаларында жиі кездеседі» [11, 13].

Т. Абайұлы қазақ оқырманына белгісіз тайпаның орналасқан жерінің географиялық жағдайынан, ғарыш денелері: жер мен күннің ерекшелігінен, Африка елінің құрғақ жерде орналасқанынан ақпараттар бере кетеді. Демек, Т. Абайұлы аудару барысында оқырманға мәтінді дәлме-дәл, сөзбе-сөз аудармай, астрономия ғылымынан мәліметтер беріп отыруды мақсат еткен. «Бізге жаз шығып, күн жоғарылаған кезде, эскимостың күні шығады да, екінтіндегі күннің тұрған шамасындай болып жерді алты ай айналып жүріп, бізге күн қысқарып аласарған кезінде, олардың күні батып, түн болады. Бірақ ол жердің түні біздің түндей қараңғы болмайды» [7, 69] – деп, қарапайым оқырманға түсінікті болу үшін «бізге» деп күн мен түннің ерекшелігін салыстыра айтады. Бұл ой орыс тілінде: «так считают на Севере годы, потому что каждую зиму солнце оставляет землю во мраке, а на следующий год поднимается над землей новое солнце, чтобы люди снова могли согреться и поглядеть друг другу в лицо» деп қысқа ғана қайырылған.

Тұрағұл Абайұлы әңгімені төрт бөлімге бөліп, әр бөлімге: «Киштің долданғаны», «Киштің сыры», «Киштің аңшылығы», «Киштің абұйыры» деп атаулар қойып, басты кейіпкер Киштің образын ашып берген. Әңгіменің негізгі идеясы оқырманға жасына қарамастан табысқа жетуге болатынын көрсетеді. Ол үшін батылдық, алға қойған мақсатқа жету жолында тапқырлық болу қажеттілігін айтқан. Шығарма балаларға арналғандықтан, аудармашы да бала қабылдауына лайықталынып баяндап, әңгімелеп беруді мақсат еткен.

«Так кончается сказание о Кише, который жил давным-давно у самого Полярного моря. И потому, что Киш действовал смекалкой, а не колдовством, он из самой жалкой иглу поднялся высоко и стал вождем своего племени» [8, 27] – деген сөйлемді: «Темірқазықтың астындағы, теңіздің жағасындағы елден Киштің өткеніне көп-көп заман болды. Ол сиқыршы емес, қырағы, тапқыштығының арқасында бұрын ең жаман иглода болса да, бүгін көптің көсемі болыпты» [7, 70] деп дәлме-дәл аударған. «Поляр теңізі» деп алмай, «Темірқазықтың астындағы» деп берген.

Нәтижелер. «Аударма стратегиясы әңгіменің қазақ тілінде қалыптасқан ауыз әдебиетіндегі әңгіме айту композициясына ұқсас болуы сол дәуір оқырманына түсінікті болудан туындайды. Мысалы, түпнұсқада кездесетін «Igloo», «Иглу» сөзін «Игло» деп, транскрипция жасалады да, сілтеме беріледі: «Эскимостың қар мен мұздан салған үйі» [6, 54] – деп нақтылап береді. Аудармадағы ойды нақтылап беру үшін, қолданатын мағынаны ұлғайтып беру әдісін кездестіреміз. Жәй ғана игло деп бере салмай «Сол қаладағы ең нашар иглода (аңшы үйі) тұрды», «ең жаман игло» деп Киштің нашар тұрмысын меңзейді. Ал, Эскимос тайпасы деп бере салмай, мәтін ішіне түсініктеме бере кетеді. «Эскимос: бұрынғы заманда аңшылықпен барып қалған сары тұқымнан таралған ел. бүгін сол Темірқазықтың астында – әмісе қыс болып, қар басып жататын жерде. Үйі қардан болады, терезесі мұздан, дәулеті – аңдардың еті, қайғысы – қарны болып жүрген ел». Осы сөйлемнен-ақ, оқырман бір тайпаның ерекшелігімен таныс болады.

Тұрағұл Абайұлы аудармамен айналысуда аударатын шығармасының мазмұнына қарай отырып, оқырманға неғұрлым пайдалы ақпарат беруге, тәрбиелік маңызы бар ойды жеткізуді, санаға ойтүрткі болуды мақсат еткені анық. Қазақ балаларына Кишті үлгі ете отырып, өзіне сенуге, батыл болуға, қиындықтарды жеңуге үйретеді. Күш жетпеген жерде ақылды пайдалану керектігін ұғындырады.

Орыс жазушысы, драматург, очерк жанрының шебері А.С. Неверовтың «Я хочу жить» шығармасын «Мен өмірге жерікпін» деп аударған. Тұрағұл Абайұлы шығарманы түпнұсқаға сәйкес аударған. Қазақ оқырмандарының көз алдына кейіпкер бейнесін елестету үшін «...Нюске с голубенькой ленточкой в золотых перепутанных волосах» [12, 72] дегенді «жасыл шашбауын алтындай сары шашына тағып жүрген кішкене Ниуске» деп, орыс қыздарының шашына тағатын лентаны, шашбау деп берген.

«Тақырыптың өзін «Өмір сүргім келеді» деп аударса да болар еді. Бірақ Т.Абайұлы сол кездегі қазақтардың жақсы түсінетін «жерік» сөзін қолданып, «Өмірге жерікпін»

деуінің өзіндік мәні бар. Кейіпкердің өмір сүруге деген құлшынысын, махаббатын тереңдете беру үшін қолданғанын байқауға болады. Соғыс даласынан қайтпайтынын білсе де, балаларының болашағы үшін өлімге бетпе-бет келді. Олар үшін өмір, болашақ ол – балалар. Солар өмір сүруі үшін, қайтсе де жеңіске жету керек. Автордың осы идеясын Т. Абайұлы қазақ оқырманына шығармашылық еркіндікпен жеткізеді.

Кеңестік әдебиеттанушылар А.Неверовтың шығармашылығын социалистік реализм әдісінің дамуымен байланыстырды. Социалистік реализм анық байқалатын, большевизм ұғымының халық ішіне дендеп енуін суреттейтін «Ортақшыл мария» (Мария-большевичка) әңгімесінде Т.Абайұлы аударған.

Әңгімеде негізінен алғашқы большевиктік идеяларды қоғамның қалай қабылдағаны туралы айтылған. Үй тұрмысындағы Марияның күтпеген жерден белсенді болып, билікке араласуы отбасының қарсылығы тартысқа ұласып, әңгіменің шарықтау шегінде ажырасуға әкеледі.

Автор сол кездің өзінде-ақ, гендерлік саясаттың бастауын бір ғана Мария арқылы ашып көрсетеді:

- Мария бұрынғыдай үй шаруасындағы әйел емес;
- Мария үйіне газет пен кітаптар әкеліп, оқи бастады;
- Марияның жеке кабинеті, алдында хатшы қыз бар;
- Марияның дауысы да өзгерген, сөзіне «жолдас, жолдастар» деп қосып сөйлеуді әдетке айналдырды;
- Марияның киімі де өзгерген.

Әңгіме заман ағымына қарай шаруалардың жаңа идеяларды қабылдау барысын көрсетеді. Автор әйел болмысындағы өзгеріс арқылы коммунистік режимді бір ғана Мария емес, Марияға ұқсас әйелдер көбейгенін ишарамен айтып, аяқтайды.

Т.Абайұлына бұл тақырып алыс емес. Заманның өзгерісі қыздардың теңдік алып, қоғамды өзгертуге ат салысу, саясатқа араласу қазақ даласында да бой көтергені рас. Сондықтан да, аудармада автордың айтар ойын түсініп, Мария образын аша білген. Бір ерекшелігі қазақ оқырманы әңгімеден орыс әйелінің емес, қазақ әйелінің бейнесімен, қазақ даласымен танысады.

Мәтіндегі негізгі тірек сөздердің аудармасына назар аударайық: «село – қыстақ, развод – талақ, баба – қатың, каша – палау, от гриба – қиқымбақай, муж – бай, горничная – жалшы, мир – жұрт» деп беруінен, тәржімеші орыс емес, қазақ әйелі мен ерінің, отбасының психологиясын бергенін байқаймыз. Жалпы, Т.Абайұлы аудару барысында қазақтың қолданысындағы қарапайым, ауызекі сөздерді қолданып, қазақ ұғымына, қабылдауына бейімдеген.

Нәтижелер. Орыс тілін еркін меңгерген Тұрағұл Абайұлы өмірінің соңғы кезеңдерінде белгілі жазушылардың шығармаларын аударып, тәржімашылық қырын дамытты. Оның аудармалары қоғамдағы толғаңдыратын түйткілді мәселелермен астасып жатты. Түпнұсқа мен аудармаларды салыстыру-салғастыру нәтижесінде, біршама ерекшеліктер байқалды.

М. Горкийдің «Челкаш» шығармасы мен Дж. Лондонның «Эскимос Киш» әңгімесіндегі адамгершілік қағидаттары, А.С. Неверовтың «Мен өмірге жерікпін» әңгімесіндегі қандай қиындық болса да ұрпағы үшін адамның өмірге деген құлшынысы, А.Неверовтың «Ортақшыл Мария» туындысындағы қоғам өзгерісінің, әрбір отбасындағы өзгерістен бастау алатындығын дәлме-дәл аударып, өз халқының да әлеуметтік тұрмысын қабаттастыра сипаттай білді.

Т.Абайұлының аудармаларын қарастыра отырып, нәтижесінде аударма жасаудағы мақсаты айқындалды:

- Т.Абайұлы аудармалары арқылы көкейіндегі азатшыл ойды бере білуі;
- адам бойындағы жан тазалығы, бостандыққа жетпей тынбайтын кейіпкерлерінің образын ашуы;

– саяси өзгерістердің қоғамға әсері, гендерлік саясат бастауы қазақ даласында да бой көтергенінен ақпарат беруі, Т.Абайұлының аударма жасаудағы шеберлігін байқатады.

Қарастырылған аудармалар сол кездегі халық тілімен, ауызекі сөйлеу стилімен жасалғандықтан, кей ойлар ұғымға ауырлау болып, кібіртіктеп оқылатыны рас. Түпнұсқадан қанша алыстамады дегенмен, қазақ жазушысында сурет, баламаларға баруда еркіндік бар. Беті шұбарланып, езуі көпіршіген нақты сурет шебер аудармашының қосқан деталі». Десек те, аудармашы түпнұсқа идеясынан ауытқымаған.

Түпнұсқа мен аударманы аударма трансформациясы тұрғысынан қарастырғанда Т.Абайұлы қазақ оқырманына түсінікті болу үшін ой қосқан (ұлғайту тәсілі), жат ұғымдарды түсіндіру мақсатында мәтін ішіне ақпараттар енгізген, кейіпкерлердің есімдерін транскрипциямен берген.

Қорытынды. XX ғасыр басында алаш қайраткерлері орыс тілін еркін меңгергендіктен орыс әдебиеті үлгілерін, орыс тілі арқылы аударылған әлем әдебиетінің жауһарларын аударумен де айналысты. Осы кезеңде аударма дәстүрі қалыптасып, алаш зиялылары әдеби байланысты дамытуға үлес қосты деуге болады. Олар аударманы тұғыр ете отырып, тәлім-тәрбиені, ұлттық құндылықтарды насихаттап қана қоймай, азат ел болудың маңыздылығын, өзіндік ел болу, адам болып қалыптасу идеяларын білдіріп отырған.

Аталған мақаламызда Т.Абайұлының аудармаларын қарастыра отырып, оның әрбір аудармаларынан өмірлік ұстанымын, қоғамға деген көзқарасын, аударма жасаудағы саясатын байқай аламыз. Әрбір аудармасының идеялық-философиялық мағынасын жеткізуде түпнұсқаға өте мұқият қарап, авторлық стильдің реңктерін сақтауға тырысқанымен, қазақтың тұрмыстық-мәдени, ойлау ерекшелігін ара-тұра тегістеп қосып отырады. Аудармадағы қосу, алу, өзгерту трансформациялары аударып отырған ұлт тіліне бейімдеу мақсатында қолданылатыны белгілі. Мұндай аудармаларда шығармашылық еркіндік басым болатыны анық. Қалай десек те, «Тұрағұл – Абай шәкірттерінің ішіндегі нағыз аудармашылық биікке көтерілген адам» [1, 235]. Оның аударған шығармалары қазірде өзектілігін жойған жоқ.

Оның аудармалары қоғамдағы толғандыратын түйткілді мәселелермен астасып жатты. Түпнұсқа мен аудармаларды салыстыру-салғастыру нәтижесінде, біршама ерекшеліктер байқалды. Ғылыми мақалада Тұрағұл Абайұлының аудармаларындағы өзіндік ерекшеліктер талданып, ғылыми тұжырымдар жасалды.

Әдебиеттер

1. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақындық шәкірттері. – Алматы: Дәуір, 1994. – 335 б.
2. Әнес Ғ., Замзаева Т. «Қазақ» газеті. 1917 жыл. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 576 б.
3. Кенемолдин М. Тұрағұл Абайұлы және Алашорда үкіметі. <https://abaialemi.kz/post/view?id=1799>
4. Жұбаева О. Тұрағұл Абайұлының өмірі мен шығармашылығы. // Туған тіл. – 2003. – №1. – Б. 9-12.
5. Ердембеков Б. Абайтану: оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 432 б.
6. Түсіпова Г. Ағылшын тілді жазушылар әңгімелерін қазақ тіліне аударудың ұстанымдары мен тәжірибесі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана: 2009. – 127
7. Жұртбай Т. Алаштың ақиықтары. Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2006. – 290 б.
8. Лондон Джек. Сказание о Кише. – М.: Писатель, 1985. – 154 с.
9. Айтуғанова.С., Байтанасова Қ. Гуманитария. Анықтамалық. – Алматы: APDA, 2020. – 244 б.

10. Ибатулина К., Ковалевская С. Образ коренных народов Северной Америки в северных рассказах Джека Лондона. // (Международный научно-исследовательский журнал. – 2021. – №9. – с. 58-67. DOI: <https://doi.org/10.23670/IRJ.2021.9.111.098>

11. Daurenbekova, L. N., Zhumatayeva, Z. N., Kartayeva, A. M., Bekenova, G. S., & Nurlanova, A. N. The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe. // *Cadernos De Tradução*, 2024, 44(1), 1–12. <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>

12. Неверов А. Марья-большевичка. – М.: Современник, 1987.–128 с.

Г.Б. ТУСИПОВА,

Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш.Шаяхметова
Астана, Казахстан

Л.Н. ДАУРЕНБЕКОВА

Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинов, Астана, Казахстан

Е.М. СОЛТАНАЕВА

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

ПРИНЦИПЫ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПЕРЕВОДА ТУРАГУЛА КУНАНБАЕВА

Аннотация. Один из деятелей Алаша, признанный не только поэтом, но и выдающимся переводчиком – Турагул Абаевич. Уникальной частью творческого наследия Турагула Кунанбаева были художественные переводы. В статье основное внимание уделяется творческой самобытности деятеля Алаш-Орды Т. А. Кунанбаева, его позиции в художественном переводе, стилистическим особенностям.

Рассматривая переводы произведений «Эскимос Киш» Джека Лондона, «Челкаш» Максима Горького, «Мария – большевик» и «Я жить хочу» Александра Неверова, анализируется содержание на основе переводческих трансформаций. При определении принципов любого перевода необходимо учитывать его время, актуальные требования к переводу. Учитываются несколько аспектов работы переводчика: психологический, литературоведческий, языковой, социальный. Было доказано, что переводы Турагула Кунанбаева соответствуют требованиям своего времени, выявлены некоторые типологические закономерности с помощью применения методов сопоставления и сравнения.

Особое внимание было уделено гносеологической и когнитивной сторонам рассматриваемых переводов, показано мышление переводчика с точки зрения национальных интересов, а также его изобразительная индивидуальность.

В результате сравнительного анализа делается вывод, что художественные переводы начала XX века были по большей части вольными (не дословными).

Ключевые слова: Турагул Кунанбаев, Алаш-Орда, художественный перевод, переводческие трансформации, рассказы, ценности.

G.B. TUSIPOVA,
Sh.Shayakhmetov National Scientific and Practical Center «Til-Kazyna», Astana, Kazakhstan
L.N. DAURENBEKOVA
A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, Astana, Kazakhstan
Y.M. SOLTANAYEVA
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

TURAGUL KUNANBAYEV'S STRATEGY OF LITERARY TRANSLATION

Annotation. One of the figures of Alash, recognized not only as a poet, but also as an outstanding translator, is Turagul Abayevich. The article delves into the multifaceted creative legacy of Turagul Kunanbayev, with a special emphasis on his endeavors in literary translation. Kunanbayev, a prominent figure in Alash-Orda, is examined in terms of his stance within literary translation and the stylistic nuances he employed.

The analysis primarily revolves around translation transformations, using specific works such as “The Story of Keesh” by Jack London, “Chelkash” by Maxim Gorky, and pieces by Alexander Neverov like “Marya the Bolshevik” and “I Want to Live”. The approach considers the time period and contemporary demands placed on translation. Various aspects of the translator’s craft—psychological, literary, linguistic, and societal—are taken into consideration.

It is argued that Kunanbayev’s translations were in line with the requirements of their era. Through methods of comparison and contrast, typological patterns are identified, shedding light on the translator’s epistemological and cognitive approaches. Furthermore, Kunanbayev’s translations are scrutinized through the lens of national interests, revealing his distinctive artistic identity.

The comparative analysis concludes that literary translations during the early twentieth century predominantly favored a free approach, as opposed to strict literal translation methods.

Keywords: Turagul Kunanbayev, Alash-Orda, literary translation, translation transformations, stories, values.

References

1. Muhamedhanuly K. Abai’s poetic students. – Almaty: Davir, 1994. – 335 p.
2. Anes G., Zamzaeva T. «Kazakh» newspaper. 1917 year. Compiler. – Almaty: Alashorda, 2023. – 576 p.
3. Kenemoldin, M. Turagul Abayuly and the government of Alashorda. [Text] <https://abaialemi.kz/post/view?id=1799>
4. Zhubayeva O. Life and creativity of Turagul Abayuly. // Native language. – 2003. – No. 1. – B. 9-12.
5. Erdembekov B. Caution: a study guide. – Astana: Foliant, 2012. – 432 p.
6. Tusipova G. Positions and practice of translating the stories of English-language writers into the Kazakh language. Dissertation prepared for obtaining the scientific degree of candidate of philological sciences. – Astana, 2009. – 127 p.
7. Zhurtbay T. The truths of Alash. Collection of articles, documentary documents, translations. – Almaty: Alash, 2006. – 290 p.
8. London Jack. Tale of Kish. – M.: Pisatel, 1985. – 154 p.
9. Aituganova S., Baitanasova K. Humanities. Reference. – Almaty: APDA, 2020. – 244 p.
10. Ibatulina K., Kovalevskaya S. The image of indigenous peoples of North America in Jack London’s northern stories. // (International research journal. – 2021. – No. 9. - pp. 58-67. DOI: <https://doi.org/10.23670/IRJ.2021.9.111.098>
11. Daurenbekova L. Literary translation experience. – Nur-Sultan: FOCUS, 2021. – 200 p.
12. Neverov A. Marya Bolshevik. – M.: Sovremennik, 1987. – 128 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Түсіпова Гулшат Бақытжанқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы, Астана, Қазақстан.

Тусипова Гульшат Бакытжановна – кандидат филологических наук, ученый секретарь национального научно-практического центра «Тіл-Қазына» имени Ш.Шаяхметова.

Tusipova Gulshat Bakytzhanovna – candidate of Philological Sciences, Scientific Secretary of the National scientific and Practical center «Til-Kazyna» named after Sh.Shayakhmetov.

Дәуренбекова Лаура Ноғайбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан.

Дауренбекова Лаура Нугайбековна – кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан.

Daurenbekova Laura Nugaybekovna – candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Eurasian humanities Institute named after A.K. Kusainov, Astana, Kazakhstan.

Солтанаева Еркінгүл Молотқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, Алматы, Қазақстан.

Солтанаева Еркінгүл Молотовна – кандидат филологических наук, доцент Казахского национального университета имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Soltanayeva Yerkingul Molotovna – candidate of Philological Sciences, Associate Professor at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.